

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ  
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ  
ЗАҢДЫ ТУЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН  
2008 ж. 14. 07 откізілді  
ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ  
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ  
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА  
14. 07 20 08 г.  
БСН/БИН 080740008669

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ  
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ  
ҚҰРЫЛТАЙ ҚУЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН  
ТОЛЫҚТҰРУДАН ЕҢГІЗІЛГЕН  
2012 ж. 17. 10 БҰЙРЫҒЫ  
ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ  
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ  
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ  
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ  
2012 ПРИКАЗ № 17. 10

«Алматы қаласының стратегия және  
бюджеттік басқармасы» КММ жалғыз  
акционерінің «23» сәуір 2021 ж.  
№ 1 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН



### «АЛМАТЫ ҚАЛАСЫН ДАМУ ТУ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖАРҒЫСЫ

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ  
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ  
ҚҰРЫЛТАЙ ҚУЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН  
ТОЛЫҚТҰРУДАН ЕҢГІЗІЛГЕН  
2017 ж. 14. 08 БҰЙРЫҒЫ  
ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ  
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ  
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ  
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ  
14. 08 2017 ПРИКАЗ № 3051

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ  
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ  
ҚҰРЫЛТАЙ ҚУЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН  
ТОЛЫҚТҰРУДАН ЕҢГІЗІЛГЕН  
2019 ж. 27. 08 БҰЙРЫҒЫ  
ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ  
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ  
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ  
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ  
27. 08 2019 ПРИКАЗ № 3236

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Осы «Алматы қаласын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысы оның заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін, қоғамның атқарушы органының атауын, орналасқан жерін айқындайтын қоғамның құрылтай құжаты болып табылады. Жарғыда акционердің құқықтары туралы мәліметтер болады, оның органдарын құру, олардың қызметін ұйымдастыру тәртібін және олардың құзыретін, қызметін тоқтату шарттарын және қоғамға қатысты басқа да ережелерді регламенттейді.

Барлық мүдделі тұлғалар осы Жарғымен танысуға құқылы.

2. Қоғам Алматы қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 30 мамырдағы «Алматы қаласын дамыту орталығы» акционерлік қоғамын құру туралы № 2/331 қаулысына сәйкес құрылды.

3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Жарғыға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

4. Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі, өз атауы бар бланкілері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері болады.

5. Қоғам өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденіп, жүзеге асыра алады, міндет алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

6. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен өзі орналасқан жерден тыс орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы ереженің негізінде Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

## **2. ҚОҒАМНЫҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ**

8. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Алматы қаласын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: Акционерное Общество «Центр развития города Алматы».

9. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «Центр развития города Алматы».

10. Қоғамның атауы Алматы қаласының жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

11. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050057, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 90 үй.

### **3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН ТҮРЛЕРІ**

12. Қоғам өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде таза кіріс алуды көздейтін коммерциялық ұйым болып табылады.

13. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

1) Алматы қаласының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу;

2) Алматы қаласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын әзірлеуді консультациялық, консалтингтік және әдіснамалық сүйемелдеу, сондай-ақ олардың мониторингі;

3) салалық және аумақтық бағдарламаларды әзірлеуді консультациялық, консалтингтік және әдіснамалық сүйемелдеу, олардың іске асырылуына мониторинг жүргізу, Алматы қаласының экономикалық дамуын болжау;

4) Алматы қаласы әкімдігінің қызметін ақпараттық-талдамалық сүйемелдеу;

5) Алматы қаласының көрсеткіштерін, оның ішінде халықаралық рейтингтерді ескере отырып, талдау және мониторинг жасау;

6) талдамалық және маркетингтік зерттеулер, қоғамдық пікірге социологиялық және өзге де сұрау салуды жүргізу;

7) мемлекеттік қызмет көрсету сапасына талдау жүргізу, сапаны арттыру, халыққа қызмет көрсету процестерін оңтайландыру және Алматы қаласы халқының қанағаттану деңгейін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

8) ақпараттық технологиялар саласында консультациялық және ақпараттық қызметтер көрсету;

9) дерекқорлар мен ақпараттық ресурстарды және(немесе) жүйелерді құру және пайдалану бойынша қызметтер көрсету;

10) деректерді өңдеу, ақпаратты орналастыру және осыған байланысты қызметтер көрсету;

11) «Smart Almaty» шеңберіндегі жобаларды және Алматы қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытуға бағытталған басқа да жобаларды іске асыру;

12) жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тұжырымдамасына, жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының конкурстық құжаттамасына және жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары шеңберінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының жобасына сараптама жүргізу;

13) жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың, сондай-ақ республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен қаржыландыруға жоспарланатын техникалық-экономикалық негіздемелерге экономикалық сараптамалар жүргізу;

14) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланатын бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемелеріне экономикалық сараптамалар жүргізу;

15) мемлекеттік-жекешелік әріптестік мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, халықаралық және қоғамдық ұйымдармен, сондай-ақ әлеуетті инвесторлармен өзара іс-әрекет жасау;

16) Алматы қаласының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының атына халықтың өтініштерін қабылдау және өңдеу үшін жағдайлар жасау және жауаптар берудің мониторингін жүргізу;

17) Алматы қаласын тұрақты дамыту процестері шеңберінде іс-шаралар, фестивальдар, форумдар, көрмелер, семинарлар, тренингтер, тұсаукесерлер, ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастыру және өткізу;

18) жекелеген мәселелер бойынша Алматы қаласы әкімдігінің мүдделерін білдіру;

19) Алматы қаласының экономикасына инвестициялар мен инновациялар тарту;

20) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына бақылаусыз қатысу арқылы инвестициялық жобаларды іске асыру жатады.

14. Қоғам оны құру мақсаттарына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыруға құқылы.

15. Айналысу үшін лицензия алу талап етілетін қызмет түрлерін Қоғам тиісті лицензиясы болған кезде жүзеге асырады.

#### **4. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

16. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға құқылы;

2) дивидендтер алуға құқылы;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан Қоғамның бағалы қағаздарына оның меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға құқылы;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қоғамның лауазымды адамдарының келтірген залалдарды қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) қоғамға қайтаруы туралы талаппен сот органдарына жүгінуге құқылы;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде уәжді жауаптар алуға құқылы;

8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне ие болуы;

- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;
- 10) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 11) өз есебінен Қоғам аудитін жүргізуді талап етуге құқығы бар.
17. Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.
18. Қоғамның жалғыз акционерінің міндеттері:
  - 1) акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен төлеуге;
  - 2) орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауға;
  - 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;
  - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

## **5. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ**

19. Қоғамның органдары:
  - 1) жоғары орган – Жалғыз акционер - «Алматы қаласының стратегия және бюджеттік басқармасы» КММ;
  - 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
  - 3) атқарушы орган-Басқарма.

## **6. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ**

20. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
  - 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
  - 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
  - 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
  - 4) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
  - 5) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
  - 6) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
  - 7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

8) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеудің, Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін шығыстарды өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау, сондай-ақ Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

9) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

10) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

11) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар басталған кезде қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

13) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

14) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы, не өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

15) Қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту;

16) Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау күнінен, қоғам активтерінің құны баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғам органдары қабылдаған шешімдердің күшін жою;

18) Қоғамның лауазымды адамдарына, олардың үлестес тұлғаларына немесе үшінші тұлғаларға Қоғамға залалдарды өтеу туралы талап қойып, Қоғамның сотқа жүгінуі туралы шешім қабылдау;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының немесе Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

21. Шешім қабылдауы Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

22. Жалғыз акционер қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде осы Жарғының 20-тармағының 10), 11) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша жыл сайын шешімдер қабылдауға міндетті. Есепті кезеңде Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

23. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционердің атынан Қоғамды басқаруға қатысу құқығын жүзеге асыратын орган немесе мемлекеттік органның лауазымды адамы қабылдайды және олар жазбаша түрде ресімделеді.

24. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді әзірлеуді Басқарма және/немесе Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

25. Жалғыз акционердің қарауына оның айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шығаруға Директорлар кеңесі бастамашылық жасайды.

26. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпарат болуға тиіс.

27. Осы Жарғының 20-тармағының 10), 11) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша материалдар мыналарды қамтуға тиіс:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі;
- 2) өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттар.

28. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылатын кандидаттары туралы мынадай ақпарат болуға тиіс:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамға аффилиирленгендігі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат қамтылуға тиіс.

## **7. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ, ОНЫ ҚҰРУ ТӘРТІБІ, ОНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

29. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, қоғам қызметіне жалпы басшылықты Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

30. Директорлар кеңесі міндеттері:

1) мүдделердің ықтимал қақтығыстарын, оның ішінде қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай мәмілелер жасасу кезінде теріс пайдалануды лауазымды адамдар, Жалғыз акционер деңгейінде қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамды корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға міндетті;

3) хабардарлық, ашықтық негізінде, Қоғамның және Жалғыз акционердің мүдделері үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының

талаптарына, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етуге міндетті.

31. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау және қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есепті бекіту, сондай-ақ даму жоспарының іске асырылуын бағалау;

3) Қоғам акцияларын орналастыру туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде Қоғамның орналастырылатын акцияларының саны, оларды орналастыру тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

6) директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

7) Басқарманың сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Басқарма туралы ережені бекіту;

8) Басқарма басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау;

9) өзге ұйымдардағы Басқарма мүшелерінің жұмыстары туралы мәселені келісу;

10) Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

11) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

12) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

14) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызынан аспайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

15) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

16) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның өз капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

17) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;



18) ірі мәмілелерді және жасалуы туралы шешімді осы Жарғының 20-тармағының 16) тармақшасына сәйкес Жалғыз акционер қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдау;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер жатады.

32. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Басқармаға шешу үшін беруге болмайды.

33. Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

34. Директорлар кеңесінің мүшелерін Жалғыз акционер сайлайды.

35. Директорлар кеңесі кемінде үш мүшеден тұруға тиіс. Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

36. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың өз міндеттерін орындау және Жалғыз акционер мен қоғамның мүддесі үшін Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, іскерлік және/немесе салалық ортадағы біліктілігі мен оң жетістіктері болуға тиіс.

37. Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

1) жоғары не арнаулы орта білімі жоқ;

2) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам бола алмайды;

3) банкроттық, консервациялау, санациялау, мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде осы адамға басшылық жасау кезінде банкрот деп танылған немесе консервациялауға, санацияға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған заңды тұлғаның бұрын басшы қызметінде болған;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын өзге де талаптарға сай келмейтін тұлғалар Директорлар кеңесінің мүшелері бола алмайды.

38. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шектеусіз қайта сайлана алады.

39. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді және Жалғыз акционер жаңа Директорлар кеңесін сайлау туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады.

Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған жағдайда,

соңғысының өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

40. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелері арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Директорлар кеңесі Төрағаны кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

41. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы болып сайлана алмайды.

42. Директорлар кеңесінің Төрағасы:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

2) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

3) отырыстар жүргізеді және хаттамаға қол қояды;

4) Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақы мөлшерін белгілей отырып, Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен еңбек шартын жасасады.

43. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

44. Жалғыз акционердің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындауы кезеңінде, мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мүшелерді қоспағанда, сыйақы төленуі және (немесе) олардың Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын атқаруына байланысты шығыстар өтелуі мүмкін. Сыйақы және өтемақы мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

45. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін.

46. Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар және сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

47. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін қоғамның ішкі құжатында белгіленеді.

48. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқарма Төрағасының бастамасы бойынша, не талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Қоғамның ішкі аудит қызметі;

3) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның негізінде жүзеге асырылады;

4) Жалғыз акционердің.

49. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылып отырған күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

1) Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Басқарма Төрағасына жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

50. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма Төрағасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

51. Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу, отырысты өткізу және шешімдер қабылдау тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалады.

52. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын ұсынылады.

53. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін Кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.

54. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған кезде директорлар Кеңесі Төрағасының немесе директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады.

55. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

56. Директорлар кеңесінің шешімдері тікелей, сырттай және аралас дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

57. Сырттай немесе аралас дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданды деп танылады.

58. Директорлар кеңесінің сырттай немесе аралас отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және оған Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысы мен Төрағасы қол қоюы тиіс.

59. Директорлар кеңесінің мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауына жол берілмейді:

- 1) Қоғамның даму жоспарын бекіту;
- 2) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 3) ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелерін тағайындау;
- 4) Қоғамның Корпоративтік хатшысын тағайындау;
- 5) ірі мәмілелер және жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау жатады.

Шешім сырттай дауыс беру арқылы ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оларға осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелері қоса беріледі.

60. Директорлар кеңесінің көзбе-көз тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оны отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде отырысқа төрағалық еткен адам және Корпоративтік хатшы жасауға және оған қол қоюға және онда мыналар қамтылуға тиіс:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген олар бойынша дауыс беру қорытындылары жатады;

- 6) қабылданған шешімдер;

- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

61. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері Қоғамда сақталады.

62. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған Хаттама мен шешімнің Корпоративтік хатшының қолымен және қоғам мөрінің бедерімен куәландырылған көшірмелерін беруге міндетті.

63. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

64. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне, егер аталған шешім Қоғамның және (немесе) жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, сотта дау айтуға құқылы.

## **8. БАСҚАРМА, ОНЫ ҚҰРУ ТӘРТІБІ, ҚҰЗЫРЕТІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

65. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма жүзеге асырады.

66. Басқарма Директорлар кеңесі сайлайтын кемінде үш мүшеден тұрады.

67. Басқарма мүшесі бола алмайды:

- 1) жоғары не арнаулы орта білімі жоқ;
- 2) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам бола алмайды;

- 3) банкроттық, консервациялау, санациялау, мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде осы адамға басшылық жасау кезінде банкрот деп танылған немесе консервациялауға, санацияға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған заңды тұлғаның бұрын басшы қызметкері болған;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген Басқарма құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын өзге де талаптарға сәйкес келмейтін тұлғалар Басқарма мүшесі бола алмайды.

68. Басқарманың құзыретіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған, Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдау жатады, соның ішінде:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің, қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымдар ұсынымдарының, сондай-ақ ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуын қамтамасыз ету;

2) Қоғамның қызметін ұйымдастыруды, Директорлар кеңесі және Жалғыз акционер бекітетін құжаттарға жатпайтын ішкі құжаттарды бекіту;

3) Қоғамның ішкі еңбек тәртібін регламенттейтін құжаттарды бекіту;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Қоғамның өзге органдарының құзыретіне жатқызылмаған мәмілелерді, оның ішінде құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес пайызынан кем болатын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдау;

5) Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің құзыретіне сәйкес Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауды қамтамасыз ету;

6) Директорлар кеңесінің қарауына Қоғам қызметінің басым бағыттарын, даму жоспарын және оның құзыретіне жататын өзге де мәселелерді шығару болып табылады;

7) Қоғамның жылдық сатып алу жоспарларын бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

8) Қоғамның ұйымдық құрылымын, Қоғам қызметкерлерінің штат санын және Қоғамның штат кестесін, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту;

9) жалғыз акционер мен Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.

69. Басқарманың отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет шақырылады.

70. Басқарманың әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

71. Басқарманың шешімдері отырысқа қатысып отырған басқарма мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

72. Басқарма отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді, онда дауыс беруге қойылған мәселелер, Басқарма отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша, Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетіле отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары көрсетілуге тиіс.

Хаттамаға Басқарманың отырысына қатысқан Басқарманың барлық мүшелері қол қояды.

73. Басқарма Төрағасы:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді, оның ішінде шарттар жасасады, қоғамның банктік шоттарын ашады;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

4) Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма мүшелерін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерін және корпоративтік хатшыны қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды; өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

5) Басқарма жұмысын басқарады және ұйымдастырады;

6) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

7) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, өкілеттіктер саласын және жауапкершілікті бөледі;

8) Директорлар кеңесіне Басқарма мүшелерінің құрамына сайлау үшін кандидатуралар ұсынады;

9) Басқарма отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

10) Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты, қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін, оның ішінде жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылау мәселелері бойынша міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

11) осы Жарғыда, Жалғыз акционердің және директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## **9. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ**

74. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен оның Жалғыз акционерінің мүдделерін неғұрлым жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдаланады;

2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға немесе оны Жарғыға, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермеуге және өзінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде теріс пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуын және берілуін бақылайды;

5) егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде Қоғамдағы жұмыс тоқтатылған кезден бастап үш жыл ішінде сақтауға міндетті.

## **10. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ, ОНЫ ҚҰРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

75. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды ішкі аудит қызметі жүзеге асырады. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

76. Ішкі аудит қызметінің міндеттері, функциялары, жұмыс тәртібі, сандық құрамы, өкілеттік мерзімі, оның басшысын тағайындау (сайлау) тәртібі, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі Директорлар кеңесі белгіленген тәртіппен бекітетін ішкі аудит қызметі туралы ережеде айқындалады.

77. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Басқарманың құрамына сайлана алмайды.

## **11. КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ**

78. Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқарманың мүшесі болып табылмайтын қызметкер Корпоративтік хатшы болып табылады.

79. Корпоративтік хатшыны Директорлар кеңесі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады және Директорлар кеңесіне есеп береді.

80. Корпоративтік хатшы қоғамның органдары мен лауазымды адамдарының Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін, сондай-ақ Қоғамның Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару саласындағы заңнамасының ережелері мен нормаларын, осы Жарғының ережелерін және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын сақтауын қамтамасыз етеді.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізуге бақылауды жүзеге асырады; Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді, оларға қолжетімділікті қамтамасыз етуге бақылау жүргізеді; Директорлар кеңесі мүшелерінің нақты және нақты ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді; Қоғам органдары арасында тиімді ақпарат алмасуға ықпал етеді; Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының мүшелері үшін Басқарманың барлық мәселелері бойынша кеңесші функцияларын орындайды; Қоғамның үлестес тұлғалары туралы ақпаратты жинауды, мониторингілеуді жүзеге асырады және оны уәкілетті органға жібереді.

81. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі Директорлар кеңесі белгіленген тәртіппен бекітетін Корпоративтік хатшы туралы ережеде айқындалады.

## **12. ҮЛЕСТЕС ТҰЛҒАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ**

82. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

83. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

84. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиирлену туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтерді Қоғамға мынадай көлемде ұсынуға міндетті:

1) жеке тұлғалар туралы: тегі, аты, әкесінің аты; туған күні; жеке сәйкестендіру нөмірі; заңды мекенжайы; үлестестікті тану үшін негіз; үлестестіктің туындаған күні;

2) заңды тұлғалар туралы: заңды тұлғаның толық атауы; бизнес сәйкестендіру нөмірі; заңды мекенжайы; үлестестікті тану үшін негіз; үлестестіктің туындаған күні.

## **13. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ**

85. Қоғам өз қызметі туралы ақпаратты қоғамның Интернет-ресурсында және қаржылық есептілік депозитарийінің Интернет-ресурсында қоғамның ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жариялайды. Қоғамның қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін "Казахстанская правда" немесе "Егемен Қазақстан" баспа басылымдары пайдаланылуы мүмкін.

86. Қоғам Жалғыз акционердің назарына Қоғамның қызметіне елеулі әсер ететін және Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын оқиғалар туралы ақпаратты, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзге мерзімдер көзделмесе, Басқарма төрағасының қолы қойылған жазбаша нысанда хабарлама жіберу арқылы олар туындаған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жеткізеді.

87. Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын ақпарат болып келесі мәліметтер болып танылады:

1) атқарушы органның құрамын көрсете отырып, атқарушы органды сайлау, сондай-ақ Қоғамның атқарушы органының құрамындағы өзгерістер арқылы жүзеге асырылады;

2) қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес олар туралы ақпарат Жалғыз акционердің назарына жеткізілуге тиіс мәселелердің тізбесі бойынша, оның ішінде ірі мәмілелер және бір мезгілде мынадай талаптарға сай келетін: жасалуында қоғамның мүдделілігі бар және құны осындай мәмілелер жасасу туралы шешім қабылданған күнгі қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылатын мәмілелерді жасасу туралы Директорлар Кеңесі қабылдаған;

3) қоғамның ірі мәмілелерді және бір мезгілде мынадай талаптарға сай келетін: жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар және құны осындай мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылданған күнгі қоғам активтерінің жалпы баланстық



құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылатын мәмілелерді жасауы;

Нәтижесінде қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәміленің мерзімдері мен талаптары туралы мәліметтер, сондай-ақ бар болса, мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс;

4) қоғамды мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы, сондай-ақ оның еншілес және тәуелді ұйымдарын мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы сот шешімі негізінде жүзеге асырылады;

5) қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға қоғам мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру, сондай - ақ қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Эмитенттің мүлкін кепілден (қайта кепілге) алу;

6) құны қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын қоғамның мүлкіне тыйым салу (мүлікті тыйым салудан алып тастау) арқылы жүзеге асырылады;

7) қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде қоғам қарыз алған, сондай-ақ осы қарыз бойынша негізгі борышты және есептелген сыйақыны толық өтеу туралы;

8) нәтижесінде теңгерімдік құны қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын қоғам мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлар басталған кезде тоқтатылады;

9) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;

10) бірінші санаттағы рұқсаттарды алу (тоқтату, тоқтата тұру);

11) қоғамның қызметтің негізгі түрлерін өзгертуі;

12) қоғамның бағалы қағаздар шығару проспектісіне сәйкес Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туралы ақпаратты қамтуы мүмкін.

88. Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат Жалғыз акционерге Қоғам корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша тиісті соттың хабарламасын (шақыруын) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

89. Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің Интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпараттың, Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің, аудиторлық есептердің, үлестес тұлғалар туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ашылуын қамтамасыз етеді.

90. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша Қоғам оған мынадай құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті:

1) Жарғы, жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) құрылтай жиналыстарының хаттамалары;

3) жалғыз құрылтайшының шешімі, жалғыз құрылтайшының шешіміне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

4) Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуына және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауына берілетін рұқсаттар жатады;

5) Қоғамның өз балансында тұрған (тұрған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;

6) Қоғамның бағалы қағаздар шығару проспектілері;

7) Қоғамның бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды растайтын құжаттар, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы уәкілетті органға ұсынылған есептерді бекіту;

8) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;

9) Жалғыз акционердің шешімдері, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, Қоғамның мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспектісіне және жарғысына сәйкес Жалғыз акционердің құқықтарын қозғайтын Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша бюллетеньдер, материалдар;

11) Басқарма отырыстарының хаттамалары;

12) корпоративтік басқару кодексі.

91. Жалғыз акционер ақпарат алу мақсатында Басқармаға жазбаша нысанда өтініш жасайды. Жалғыз акционердің өтініші қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркелуі тиіс. Қоғам акционерге талап етілетін ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей, ал Жарғының көшірмесін үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

92. Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беруге Директорлар кеңесінің шешімі бойынша шектеу енгізілуі мүмкін.

93. Құжаттардың көшірмелерін бергені үшін төленетін ақының мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға арналған шығыстардың құнынан және құжаттарды Жалғыз акционерге жеткізуге байланысты шығыстарды төлеуге жұмсалатын шығыстардан аспауға тиіс.

#### **14. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ ЖӘНЕ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ**

94. Қоғамның мүлкі мыналардан құралады:

1) Жалғыз акционер Қоғамның акцияларын төлеуге берген мүлік;

2) өз қызметінің нәтижесінде алынған кірістер;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүлікті жария етуге құқылы.

95. Қоғамның жарғылық капиталы акцияларды жалғыз құрылтайшының номиналды құны бойынша төлеу арқылы қалыптасады және ұлттық валютада көрсетіледі.

96. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамның жарғылық капиталын азайту орналастырылған акцияларды Қоғамның бастамасы бойынша сатып алу және оларды кейіннен жою арқылы жүзеге асырылады.

## **15. ҚОҒАМНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ**

97. Қоғам жай акциялар шығарады. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

98. Акцияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу шарттары мен тәртібі акцияларды шығару проспектісінде белгіленеді.

99. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін орналастырады.

100. Қоғам басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы, оларды шығару, орналастыру және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарымен белгіленеді.

101. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді орталық депозитарий онымен жасалған шарт негізінде жүзеге асырады.

102. Қоғамның акциялары бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінде коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның Жеке шотында есепке алынады.

103. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

104. Қоғам қосымша қаражат тарту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.

Облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, олар бойынша сыйақы төлеу, өтеу және оларды өткізуден түскен қаражатты пайдалану шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және облигациялар шығару проспектісінде айқындалады.

## **16. ТАЗА КІРІСТІ БӨЛУ ТӘРТІБІ. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР**

105. Жалғыз акционер Қоғамның таза табысының бір бөлігін Алматы қаласының жергілікті атқарушы органы айқындайтын мөлшерде дивидендтер төлеуге жіберу үшін шешім қабылдайды.

106. Таза табыстың қалған бөлігі қоғамды дамытуға немесе Жалғыз акционердің шешімімен көзделген өзге де мақсаттарға жұмсалады.

107. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Жалғыз акционер қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

108. Дивидендтерді есептеуге жол берілмейді:

1) өз капиталының теріс мөлшері кезінде немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап

берсе не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер төлеуге құқылы емес.

### **17. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

109. Қоғам Алматы қаласының жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша қайта құрылуы немесе таратылуы мүмкін.

110. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен регламенттеледі.

### **18. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

111. Қоғам өз қызметінде осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

112. Осы Жарғымен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның тиісті ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

113. Осы Жарғының ережелері Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына қайшы келген жағдайда Жарғының мұндай ережелері қолданылмайды.

114. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

**«Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ**  
**Басқарма Төрағасы**



*[Handwritten signature]*

**С. Изтелеуов**

*Республика Казахстан, город Алматы*

*Двенадцать седьмое апреля две тысячи двадцать первого года*

*Я, Аканова Галия Сурагановна, нотариус города Алматы, действующий на основании государственной лицензии №15018696 от 20.10.2015 года выданной Министерством юстиции Республики Казахстан свидетельствую подлинность подписи гражданина **Изтелеуова Санжара Бейсенбаевича**, которая сделана в моем присутствии. Личность установлена, дееспособность и полномочия проверены.*

*Зарегистрировано в реестре за №1113*

*Взыскано: 292 тенге государственная пошлина+2917*

*тенге услуги правового и технического характера*

*Нотариус:*



*Galja*

*Қазақстан Республикасы Алматы қаласы*

*Жиырма жетінші сәуір екі мың жиырма бірінші жылы*

*Мен Аканова Галия Сурагановна, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен берілген 2015 жылдың 20 қарашанында берілген №15018696 мемлекеттік лицензия негізінде әрекет етуші Алматы қаласының нотариусы азамат **Изтелеуов Санжар Бейсенбаевич** қатысумен қойған қолтаңбаның түпнұсқаслығын куәландырамын. Жеке басы анықталды әрекет қабілеттігі тексерілді*

*Тізілімде тіркелген №1113*

*Өндірілді мемлекеттік баж+292 тенге құқықтық*

*және техникалық сипаттағы 2917 теңге*

*Нотариус:*



*Galja*





Пронумеровано и  
проинформировано на  
сервисах  
МВД РК

«АЗАМАТТАР АРАСЫНДА АН УКИМЕ ТИМІНІ ҚАМУ» АТ АҚ-НЫҢ АРНАУЛЫҚ ҚАСЫ  
КОРПОРАЦИЯСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ФИЛИАЛЫ

ҚАЗЫБАТЫ ҚАЛЫПТЫ  
2021 ж. 06. 05

ФИЛИАЛ НЕКӨРГЕ РЕСПУБЛИКА АҚШОНІ ВЕНДЖУРІНГІСТІК  
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАУЛЫҚ ҚАСЫ» АТ АҚ-НЫҢ АРНАУЛЫҚ ҚАСЫ  
ҚЫЗЫЛОРДА ФИЛИАЛЫ

ҚАЗЫБАТЫ ҚАЛЫПТЫ  
06. 05. 21